



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№40 (629)
9 қазан,
2025 жыл

ГҮЛНҰР БАҚЫТОВА:

Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағат құжаттарындағы деректерге сүйенсек, өңірде кәсіподақ қозғалысының негізі 1919 жылы қаланған. Сол жылы Ақмешіт уездік кәсіподақтар кеңесі құрылып, оның құрамында кәсіподақ бюросының бес мүшесі жұмыс істеген. 1924 жылы маусым айында Ақмешітте партия-кәсіподақ клубы ашылып, онда салалық кәсіподақ кеңестері мен партия мүшелері бірігіп жұмыс атқарды.

ЕҢБЕККЕР ҚҰҚЫҒЫ — ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Мұрағат деректері еліміздегі кәсіподақ қозғалысының қалыптасуына қатысты құнды мәліметке толы. Соның ішінде ерекше атап өтерлігі — Қазақстан кәсіподақтарының I съезінің Қызылордада өтуі. 1925 жылдың сәуір айында Қырғыз Республикасының атауы Қазақстан Республикасы болып өзгеріп, ел астанасы Орынбордан Қызылордаға көшірілген кезеңде кәсіподақ ұйымдары да осында шоғырланды. Өлкемізде өткен алғашқы съезд кәсіподақ қозғалысының жаңа белесін айқындаған тарихи жиын болды.

Биыл Қазақстан Кәсіподақтарына 120 жыл толып отыр. Осыған орай Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымының ақпараттық және ұйымдастыру жұмыстары жөніндегі бас маман Гүлнұр Ермекқызымен сұхбат құрдық.

— 10 қазан — Қазақстан кәсіподақтары күні мерекесімен құттықтаймыз! Осы мерекенің мәні мен қоғамдағы маңызына тоқталып өтсеңіз...

— Бұл мереке — ең алдымен еңбек адамын ұлықтайтын, олардың еңбегінің қадірін арттырып, қоғамдағы мәртебесін айшықтайтын ерекше күн. 10 қазан — кәсіподақтардың еліміздегі әлеуметтік әділеттілікті сақтап, еңбек адамының құқықтары мен игілігін қорғаудағы рөлін көрсететін маңызды дата.

Кәсіподақтар әрдайым қызметкердің лайықты еңбекақы алуына, қауіпсіз еңбек жағдайында жұмыс істеуіне, әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуына күш салып келеді. Сондықтан бұл күн — тек кәсіподақ мүшелерінің мерекесі емес, барша қызметкерлердің еңбегін бағалайтын жалпыхалықтық мейрам деуге болады. Бұл мереке арқылы біз кәсіподақ қозғалысының тарихи жолына тағзым етіп, еңбек адамына деген құрметімізді білдіреміз.

3-бетте

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА — 30 ЖЫЛ



Отбасы — сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни зиялы қоғамның діңгегі. Қызметте табысқан қос жүрек Сағитжан мен Жанерке осы ұғымды жастайынан санасына сіңірген. Негізі қауырт қызметте бірге иық теңестіріп, қызмет ете жүріп, бас қосқан жастар көп емес. Біздің кейіпкерлеріміз — сол жандардың бірі.

ҚЫЗМЕТТЕ ТАБЫСҚАН ҚОС ЖҮРЕК

Сағитжан Сейітжағыпар 1998 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Сақтап берген Әлжіков атындағы орта мектепті тамамдаған ол 2016-2020 жылы ҚР ТЖМ Көкшетау техникалық институтында білім алды. Ал 2020 жылдан бастап азаматтық қорғау саласында абыроймен еңбек етуде. Бүгінде Қызылорда облысы ТЖД кадр және тәрбие жұмысы басқармасының өзіндік қауіпсіздік тобының бас маманы лауазымында қызмет етіп жүр.

6-бетте

НҰРБОЛ АППАЗОВ:

ҒЫЛЫМҒА

ҚАРЖЫ ҚҰЮДАН АУТСАЙДЕР ЕЛМІЗ



«Бұрын «Осы оқудың саған не керекі бар» дейтіндер қазір бізге қызығып жүр» деп бастады сөзін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің зерттеуші профессоры Нұрбол Аппазов. Демек ғылымның көсегесі көгеріп, айы оңынан туып келе жатқаны. Бұл сөзге біз де қуандық.

Әйтсе де, кейінгі уақытта елдегі ғылымның дамуы даңғылға түскенін естіп қуансақ, ғылымға қаржы бөлу де аутсайдер мемлекет екенімізді естігенде ойланyp қалдық. Батыс Еуропа, Оңтүстік Корея, Жапония, АҚШ тәрізді мемлекеттерде олардың ғылымға бөлетін қаржысының мөлшері ішкі

жалпы өнімнің 4%-на дейін жетеді. Ал бізде бұл көлем 0,1% шамасында. Бұл — көтерілгені. Сонда бұрын бізде ғылымның болмағаны ма деген ой келеді.

Ғылым саласының кешегісі мен бүгінгі, жастардың ынта-ықыласы жайында Нұрбол Орынбасарұлынан сұрап білген едік.

4-БЕТТЕ

ӨР ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗЕГІ — ДӘСТҮР

Той үсті. Әдеттегідей ән мен күлкі, көңілді қауым. Қуанышты күннің иесін ата-анасы ортаға алып шықты. Тұсау кесетін апай да ала жіпті баланың аяғына байлады. Ал пышағын ала бергенде біреу «жіпті артынан кесу керек» десе, енді бірі «жөк, алдынан кессін» деп дауласа кетті. Тұсау кесетін кісі сасқалақтады да қалды...

Қызық. Негізінде бір дәстүрді әркім әрқалай орындайды? Қалай ойлайсыз, ойлы оқырман, біз дәстүрдің түп мағынасын ұмытып бара жатқан жоқпыз ба? Тарқатайық.

Әуелі тұсаукесерді нақтыласақ, баланың жолы ашық болсын деп қазақ тұсауын алдынан кескен.

Ал бұл жоралғыны жасы келген, науқас, тұрмыс құрмаған қыз бен үйленбеген жігіт орындамайды. Бұл жөнінде этнограф Зейнеп Ахметова «Күретауы» кітабында да жазған. Мұнан бөлек, тұсауды үш мәрте кестіретіндерге тоқталған еді.



5-бетте



СЫР БЕРГЕН САУЛЫҚ

2

БАСТЫ

МАҚСАТ —
КӨРЕРМЕНГЕ
КӨҢІЛ-КҮЙ
СЫЙЛАУ

8-БЕТТЕ





ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІКТІ ДӘРІПТЕГЕН ФОТОКӨРМЕ

Жуырда Қызылорда қаласында «Қазақстанның орыс қауымдастығы» облыстық филиалының онкүндігі аясында «Біз – Қазақстанның бір бөлшегіміз: Достық объектив арқылы» атты фотокөрме өтті.

Іс-шараға облыстық «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары Руслан Құрманов, мекеме қызметкерлері, ассамблея жастары, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, белсенділері мен қала тұрғындары қатысты.

Көрмеде қызылордалық фотосуретші Оксана Черникованың еңбектері ұсынылды. Автор туындыларының арасында әйел мен бала портреттері, туған шаһардың табиғаты мен тарихи орындарын бейнелейтін фотожұмыстар бар. Бұл еңбектер Сыр өңіріндегі этностардың

достығы мен мәдени әралуандығын айшықтап, ел бірлігінің жарқын көрінісін паш етті. Іс-шара соңында Оксана Валентиновнаға «Қоғамдық келісім» директорының атынан алғыс хат табысталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай мәдени іс-шаралар татулық пен келісім құндылықтарын дәріптеуге, Қазақстандағы бірегейлікті нығайтуға және ҚХА-ның басты миссиясын кеңінен насихаттауға жол ашады.

«АЖ-ақпарат»

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ – ТӘРТІП ПЕН ЗАҢ

Қызылордада 15 қыркүйекте басталған «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс-шарасы барысында 359 әртүрлі әкімшілік құқық бұзушылық дерегі анықталды.

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол қозғалысы ережелерін сақтау деңгейін арттыру мақсатында жүргізілген іс-шараның қорытындысы туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Мұратбек Манатов баяндады.

Іс-шара барысында тәртіп сақшылары жол қозғалысына қатысушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қоғамдық тәртіпті бақылауды күшейтті. Негізгі назар жылдамдықты арттыру, мас күйінде көлік басқару және қауіпсіздік белдігін тақпау секілді ережебұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.



– Қызмет атқару барысында барлығы 359 әртүрлі әкімшілік құқық бұзушылық деректері анықталып, оның ішінде 78 көлікқұралыайып тұрағынақойылды. Бұл бастамаға Қызылорда облысы Полиция департаментінің 434 қызметкері, 142 автопатрульдеу бағытында патрульдік полициясының 188, ал учаскелік полициядан 195, қалалық, аудандық

бөліністерінің басқа салаларынан 50 және басқа да қызмет салаларынан адам жұмылдырылды. Жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша 6849 өрескел құқық бұзушылықтар анықталды, – деді Мұратбек Мейрамбекұлы.

Өңірлік коммуникациялар қызметі

«ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН САЛЫНҒАН СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА

Студенттік жатақхана – білім алушылардың сапалы өмір сүруі мен оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға арналған маңызды әлеуметтік нысан. Мұндай инфрақұрылым оқу орындарының тартымдылығын арттырып қана қоймай, жастардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға да ықпал етеді.

Осы бағытта «ForteBank» АҚ-ның несиеі бойынша, «Даму» қорының қолдауымен Қызылорда қаласында



әлеуметтік маңызы бар тағы бір жоба сәтті жүзеге асты. «Іңкәр-7» ЖШС салған жаңа студенттік жатақхана қаланың орталық бөлігінде бой көтеріп, заманауи талаптарға сай тұрғызылды.

Ғимаратта студенттердің жайлы тұруына барлық жағдай жасалған: кең бөлмелер, оқу және демалыс аймақтары, асхана мен кір жуу бөлмелері қарастырылған. Әсіресе қауіпсіздік пен санитарлық талаптарға ерекше көңіл бөлінген.

«АЖ-ақпарат»

СЫР БЕРГЕН САУЛЫҚ

Кейінгі жылдары Қызылорда қаласында жедел жәрдем қызметіне жүгінетін жастардың саны айтарлықтай артқан. Бұрын мұндай көмекке көбіне егде жастағы немесе созылмалы аурумен ауыратын адамдар жүгінсе, бүгінде жиырмаға енді толған жас буын жиі хабарласады.

Дәрігерлердің айтуынша, жастардың жедел жәрдем шақыруының басты себебі – тамақтан улану. Яғни мұндай жағдайдың жиілеуіне жастардың жылдам өмір салты әсер етіп отыр. Танертеңгілік қарбалас, түсте жұмыстан босамау, кешке шаршаған күйде үйге келу – барлығы дұрыс тамақтану мәдениетін ұмыттырған. Қызылорда облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, биылдың өзінде өңірде жастар арасында 250-ге жуық тамақтан улану оқиғасы тіркелген. Оның 70%-ы көше тағамдарынан, қалғаны үй жағдайында дұрыс сақталмаған өнімдерден болған. Кей жастар улану белгілерін байқаған соң дәріханадағы антибиотиктермен өз бетімен емделуге тырысады. Бұл ең үлкен қателік. Себебі өздігінен емделу асқазан-ішек жолдарының бұзылуына және улануды асқындыруға әкеледі.

Қызылорда қалалық жедел жәрдем станциясының дәрігері Бауыржан Төлегенұлымен арнайы сұхбаттасып, бүгінгі ахуал жөнінде сұрадық. Ол кейінгі айдағы жағдайды былай сипаттады:

Тамақтан улануға байланысты күніне кемі 4-5 шақырту түседі. Науқастардың көбі жастар. Әсіресе студенттер мен кеңсе қызметкерлері көше тағамын немесе жеткізу қызметінен алған тағамды жегеннен кейін өзін жайсыз сезінеді. Жүрек айнып, құсу, іштің бүріп ауыруы – ең жиі кездесетін белгілер» деді ол. Мамандар жастарға тағам таңдауда жауапкершілікпен қарауды, сыртта сатылатын немесе күмәнді жерден алынған өнімдерден бас тартуды ұсынады.

Қызылорда өңірінде жастар арасында тамақтан уланумен қатар тұмау, көкжөтел сияқты аурулары өршіп тұр. Дәрігерлер бұл жағдайды маусымдық ауа райының өзгеруімен және алдын алу шараларының әлсіздігімен байланыстырады. Күннің ыстығынан кейін бірден салқын түскенде ағзаның төзімділігі төмендейді. Соның салдарынан жастар арасында тұмау мен көкжөтел көп кездеседі. Студенттер мен жас мамандардың басым бөлігі жатақхана мен кеңсе орындарында ұзақ уақыт отыратыны белгілі. Мұндай ортада вирустың таралуы тез жүреді. Соңғы аптада емханаға келгендердің 40%-ы асқынған тұмау мен көкжөтел белгілеріне шағымданған.

Тұмау да, көкжөтел де жеңіл ауру емес. Мамандардың айтуынша, аурудың кең таралуына жастардың салғырттығы да себеп. Уақытылы дәрігерге қаралмай, өз бетінше емделу, гигиеналық талаптардың сақталмауы, иммунитеттің әлсіздігі – бұл жағдайды ушықтырып отыр.

– Қазір жастардың көбі тұмауға қарсы екпеден бас тартады. Ал вакцина – аурудың алдын алудың ең тиімді жолы. Дәрігердің кеңесінсіз антибиотик ішу немесе халықтық әдістерге сүйену жағдайды нашарлатады, – дейді облыстық жұқпалы аурулар емханасының бас маманы Әділбай Медетбаев.

Ал аурудың алдын алу үшін қарапайым ережелерді ұстану жеткілікті. Мысалы таса ауада жиі серуендеу, дұрыс тамақтану, жеткілікті ұйықтау және иммунитетті күшейту. Сонымен қатар жылы киіну, салқын сусындардан бас тарту және ауырган жағдайда адам көп жиналатын жерлерде маска тағу маңызды.

Жастар арасында бұрын тек егде жастағыларда кездесетін нық пен мойын аурулары жиілеп барады. Дәрігерлер мұны ұзақ уақыт телефон мен компьютер алдында отырудың, қозғалыстың аздығының және дұрыс отырмау әдетінің салдары деп отыр.

Қалалық аурухананың невропатолог дәрігері Айнұр Бауыржанқызының айтуынша, кейінгі екі-үш жылда 20-30 жас аралығындағы науқастар арасында нық ауруымен қаралу жағдайы бірнеше есе артқан. Бұрын мұндай шағымдар көбіне ауыр физикалық жұмыс істейтін немесе жарақат алған адамдардан түсетін. Ал қазір студенттер мен кеңседе жұмыс істейтін жастар жиі келеді. Бүгінгі жастардың өмір салты көбіне қозғалыссыз күйде өтеді. Сабақ, жұмыс, гаджет, әлеуметтік желі – барлығы экран алдында. Ал бұл – арқа мен

иық аймағына түсетін салмақты есептеп арттырады. Дене бітімі түзу отырмаған жағдайда омыртқа кисаяды, мойын бұлшықеттері керіледі, қан айналым бұзылады. Мұндай жағдай ерте басталған еңбекке жарамсыздыққа әкелуі мүмкін. Мамандардың айтуынша, нық пен мойын ауруының алдын алу үшін ең алдымен дұрыс отыру әдетін қалыптастыру керек. Монитор көз деңгейінде болғаны дұрыс, арқа тік, иық бос болуы қажет. Сағат сайын орыннан тұрып, жаттығу жасап, мойын мен иықты айналдырып, қан айналымын қалпына келтіру керек. Сондай-ақ спорттық белсенділік пен таза ауада серуендеу де үлкен рөл атқарады. Аз да болса күнделікті қозғалыс жасау, жүгіру, йога немесе жеңіл жаттығулар – иық ауруының алдын алудың ең тиімді тәсілі.

Бүгінгі цифрлы дәуір жастардың мүмкіндігін арттырғанымен, денсаулығына салмақ түсіріп отырғаны рас. Технология дамыған сайын қозғалыс азайып, экран алдында уақыт өткізу көбейіп барады. Бұл жастардың психикалық және физикалық денсаулығына кері әсер етуде. Сондықтан жергілікті мамандар жастарға денсаулығына бейжай қарамай, ауырсыну белгілері байқалғанда дер кезінде дәрігерге қаралуға кеңес береді. Егер жастар қазірден бастап денсаулығына мән бермесе, 30 жасқа жетпей-ақ ауру белгілері созылмалы түрге айналып, өмір сапасын төмендетуі әбден мүмкін.

Келесі мәселе – біз көбіне физикалық ауруларға мән беріп, адамның ішкі жан-дүниесінің халіне көңіл бөлмейміз. Әсіресе жасы үлкен кісілер «Жастарда қандай мәселе болуы мүмкін? Өмірі әлі алда» дейді. Алайда облыстық жастар денсаулық орталығының жұмысының нәтижесін санаққа алсақ, мүлдем басқа ой туады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша, жастар денсаулық орталығы 55 мыңнан аса адамға қызмет көрсеткен. Көмек дәрігер, психолог, әлеуметтік қызметкер мен заңгер мамандарымен жеке консультация ретінде өткен. Ал биыл тоғыз ай көлемінде кеңес беру бөлімі 17332 жасқа көмек берген. Әлеуметтік

психологиялық кеңес бөлімінде 15 мың, оның ішінде жеке психологтың кеңесіне 3,5 мыңға таяу студент жүгінсе, валеологтардың ақпараттандыру қызметіне байланысты 1,3 мыңнан аса іс-шара өтіп, оған 54 мыңға жуық жас қатысқан.

Облыстық жастар денсаулығы орталығы ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің дәрігері Сауле Каусова:

– Әлеуметтік кеңес беру бөліміне көбіне өз ортасын таба алмаған немесе ата-анасымен қарым-қатынасы нашарлаған жастар көп жүгінеді. Ата-ана мен бала арасындағы байланыстың қиындауы, түсініспеушіліктің туындауы және жасөспірімнің мінез-құлық өзгерістеріне байланысты жағдайларда ата-аналардың тарапынан сұраныс түсіп жатады. Олар балаларын әкеліп, консультациядан өтеді, – деп ең көп кездесетін мәселелерді атады.

Оған қоса маман мұның шешу үшін қолданылатын шаралармен бөлісті.

– 2022 жылдан бастап денсаулық сақтау басқармасының бұйрығына сәйкес аптасына 1 күн психиатр маманы орталықта кеңес жүргізеді. Себебі мектепте, оқу орындарында психолог мамандарының алған тест сауалнама нәтижесінде кейбір балаларда мінез-құлық өзгерісі, неврастения деңгейінің жоғарлауы, суициалды ойлардың туындауына байланысты тәуекел топқа алынады.

Ол топқа енген бала медициналық көрсеткіштеріне қарай вольері, психиатр маманынан кеңес алуға жолданып отырады. Сол кезде бала, ата-ана тарапынан емхана немесе психикалық саулық орталығына кеңес алуға қарсылық білдіріп жатады. Сондықтан жастардың ыңғайлы, емін-еркін келіп кетуіне жағдай жасаймыз. Жастар денсаулық орталығы барлық өңір бойынша жұмыс атқарады. Осы ретте жасөспірімдер мей жастар еш қиындықсыз кеңес ала алады. Мәселен ауруханаға жазылу үшін ішіндегі учаскелік дәрігерге, маманға, мекеменің өзіне тіркелу керек. Ал бізде ол қарастырылмаған. Әртүрлі өңірдегі жастар мен жасөспірімдерді қабылдаймыз. Оған қоса, жеке мағлұматы құпия сақталады. Орталыққа келген әрбір адамға денсаулықтың қаншалықты маңызды екенін түсіндіреміз. Өйткені ата-ана ретінде де балаға жаның ашып тұрғанымен оған денсаулығының жартысын бөліп бере алмайсың. Сол себепті қазірден денсаулықты күту – ұзақ өмір сүрудің кепілі. Біз дәріханаға барып, қосымша ауыстыратын бөлшек ретінде көз, асқазан не тісті сатып ала алмаймыз. Өйткені денсаулық – әр адамның қолындағы байлығы. Біз осы ұғымды әрбір келген жасқа түсіндіреміз, – деді дәрігер.

XXI ғасырды технология заманы дейміз. Осы ретте технологиялық прогрестің медицинадағы рөлі де артуда. Бүгінде біршама мәселе шешімін тауып жатыр.

– Бізде симуляциялық орталық жұмыс істейді. Мұнда түрлі манекен мен құралдар бар. Ол арқылы денсаулықты қалай күту керек екенін, зиянды әдеттердің салдарынан тіс, өкпе, жүректің қандай өзгеріске ұшырайтынын көрсетеміз. Оған қоса, бізде



интерактивті көзілдіріктер бар. Психотропты заттарды, алкогольді, энергетикалық сусындарды қолданған кезде ми улана бастайды. Деңгейіне қарай балаларға оның әсерін көрсетеміз. Көзілдірік киізіп, ұзын жолмен жүргіземіз. Ол тізу жүріп жатқан секілді, бірақ сырт-көзбен қарағанда ол сызыктан шығып кетеді, – деп мамандар бұл саладағы технологияның рөлін де ерекше атап өтті.


Осы мәселені толыққанды түсіну үшін, жаңа буынның өз денсаулығына деген қарым-қатынасын айшықтау үшін жастардан сауал алдық. Шамамен 20 адамнан «Ауруханаға қандай көмек үшін жүгінесіз?», «Тексерістен қаншалықты жиі өтесіз?», «Денсаулықты күту үшін не істейсіз?», «Соңғы рет ауруханаға қашан бардыңыз?» деп сұрақ қойдық. Көпшіліктің жауабы «Учаскелік дәрігердің айтуымен жылына екі рет тексерістен өтетімін», «Ауруханаға тек дәрігер талабымен келемін», «Дәрігерге жарты жыл бұрын анализ тапсыру үшін ғана жүгіндім». Бұл сауал 18-25 жас аралығында жастар арасында жүргізілген еді. Байқасақ, жауаптар бір-біріне ұқсайды. Аурухана тек дәрігердің талабымен ғана баратын жерге айналғандай. Басым көпшілік өз қалауымен келіп, денсаулығына көңіл бөлмейді. Оған арасында «Қатты ауырып тұрғанның өзінде, дәрігерге жүгіне бермеймін» деген жауаптар да болды. Бұл денсаулыққа деген нағыз бейқамдықтың көрінісі. Себебі саулық үшін күресу – өмір үшін таптырмас әрекет. Жай басталған ауру, кейін бір мезетте күрделі диагноз болуы әбден мүмкін.

Осы мәселенің шешімін табу мақсатында Сауле Каусарова келесі кеңестерді ұсынды.

– Баланың дені сау, өмірге деген көзқарасы дұрыс болуы үшін тек оқу орны немесе түрлі мекемелердің мамандары ғана емес, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа байланысты. Яғни баланың денсаулығына, денесіне, тәніне жауапкершілігі ең бірінші үйінде түсіндіріліп, отбасының құндылықтарында денсаулық бірінші тұру керек. Екінші мәселе – оқу орындары. Біздің психолог, медицина мамандарымыз білім ордаларымен тығыз байланыста. Әр келген баланың, әрбір ұйымдастырылған шараның жоғары деңгейде өтуіне үлкен мән береміз. Себебі әр айтылған сөз – балаға өмірде пайдалана алатын деңгейде түсінікті болуы шарт. Ата-ана ең алғаш баламен ашық сөйлескенін, балаға жақын болғанын, дос ретінде араласуын, оның күйіне, физикалық, психикалық денсаулығына мән бергенін қалаймын. Күнде балаға арнайы уақыт бөлу керек. Өтпелі кезең кезінде бала мен ата-ана ашық диалогқа түсуі өте маңызды. Кішкентай өзгеріс, көңіл-күйдің болмауында досына, танысына емес бала ең бірінші ата-анаға жүгінуі тиіс. Баланың психикалық саулығы өзгергенде ең бірінші ата-ана байқауы керек. Ол оқшауланып, эмоцияға қатты беріліп, ұйқысы мазасыз болса ата-ана оны байқап, уақытылы көмеу беру арқылы оның жағдайын жақсарту алады. Балаларға кішкентай кезінен жеке бас гигиенасын сақтауды үйретіп, тазалықты әдетке айналдыру керек, – деп түйіндеді маман.

Бүгінде жастар денсаулығы – қоғам назарындағы басты мәселелердің бірі. Қазірден денсаулықты күтіп, зиянды әдеттерден аулақ болайық, жас дос!

Айдана ЕДІЛБЕКҚЫЗЫ,
Мерей ШӘКРАТ



Басы 1-бетте

Гүлнұр БАҚЫТОВА:

ЕҢБЕККЕР ҚҰҚЫҒЫ – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

– Жалпы кәсіподақтардың қоғамдағы атқаратын рөлі қандай?

– Кәсіподақтар – еңбек нарығындағы әлеуметтік әріптестіктің негізгі тетігі болып саналатын қоғамдық ұйымдар. Олардың басты міндеті – жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынасты үйлестіру, екі тараптың да құқықтары мен мүдделерін сақтап, әділ шешімдер қабылдануына ықпал ету.

Сонымен қатар кәсіподақтар еңбек адамына лайықты еңбекақы, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету және әлеуметтік қолдау көрсету бағытында үздіксіз жұмыс істейді. Әлеуметтік кепілдіктердің орындалуына бақылау жасап, даулы мәселелердің алдын алады.

– Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымы қанша жылдан бері жұмыс істеп келеді және бүгінде оның құрамына қанша ұйым мен қызметкер мүше болып тіркелген?

– Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымы өңірдегі қызметкерлердің құқықтарын қорғау және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету бағытында ұзақ жылдан бері жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Бүгінде Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Қызылорда облыстық ұйымының құрамында 49 мың кәсіподақ мүшесі бар. Ұйым 8 аудан мен қаладағы, сондай-ақ 40 қа жуық облыстық мекемені біріктіреді.

Айта кету керек, биыл Қызылорда облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағының құрылғанына 100 жыл толып отыр. Бұл мерейтой – аймақ кәсіподақ қозғалысының тарихы мен дәстүрін, еңбек адамын қорғау жолындағы табанды еңбекті айшықтайтын маңызды белес болып саналады.

– Кәсіподақтың басты мақсаты – қызметкердің құқығын қорғау. Осы бағытта облыста нақты қандай шаралар атқарылып жатыр?

– Біздің басты міндетіміз – еңбеккерлердің құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуын қамтамасыз ету. Осы мақсатта ең алдымен мекемелер мен кәсіпорындарда ұжымдық шарттар жасауға тұрақты түрде ықпал етеміз. Бұл құжат жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсартуға, еңбекақыны әділ төлеуге, әлеуметтік төлемдерді уақытылы орындауға кепіл болады.

Сонымен қатар еңбек қауіпсіздігі мен өндірістегі қорғау талаптарының сақталуына ерекше назар аударылады. Арнайы тексерулер мен мониторингтер ұйымдастырылып, жұмысшылардың денсаулығына

қауіп төндірмеу үшін тиісті шаралар қолға алынады.

Еңбек даулары мен түсініспеушіліктер туындаған жағдайда біз тараптарды келіссөз үстеліне жинап, құқықтық кеңес беріп, әділ шешім қабылдануына ықпал етеміз. Бұл жұмысшылар мен жұмыс берушілердің арасында өзара түсіністік пен келісімді нығайтуға мүмкіндік береді. Осының бәрі еңбек адамының құқығын қорғауды күшейтіп, өңірдегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға қызмет етеді.

– Облысымыз бойынша еңбеккерлер кәсіподаққа қандай мәселелермен жиі жүгінеді?

– Көбіне еңбек жағдайларын жақсарту, демалыс пен еңбек тәртібін сақтау, әлеуметтік қолдау мен қызметкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жүгінеді.

– Кейінгі жылдары ұйым қандай маңызды бастамаларды жүзеге асырды? Ұйым жұмысына жаңа бағыттар немесе жобалар енгізілді ме?

– Кейінгі жылдары біз кәсіподақ қызметін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған бірқатар маңызды бастамаларды жүзеге асырдық.

Сонымен бірге жастардың кәсіподақ қозғалысына белсенді араласуын қамтамасыз ету үшін жастар қанаты құрылды. Бұл бастама жас қызметкерлердің кәсіби дамуына, көшбасшылық қасиеттерін арттыруға және олардың еңбек құқықтарын қорғаудағы белсенділігін күшейтуге жол ашты.

Айта кетерлігі, «Еңбек адамы» жобасы аясында жұмысшылардың қоғамдағы беделін арттыруға бағытталған түрлі әлеуметтік-мәдени шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Мұндай бастамалар еңбек адамын құрметтеуді, олардың еңбегін насихаттауды көздейді және кәсіподақ қызметінің ауқымын кеңейтуге ықпал етеді.

– Кәсіподақ қозғалысын дамытуда қандай қиындықтар бар?

– Кейінгі жылдары әлемдік экономикалық өзгерістер еңбек нарығына айтарлықтай ықпал етуде. Жаңа технологиялар, нарықтағы бәсекенің күшеюі мен жұмыс түрлерінің өзгеруі кәсіподақ ұйымдарының алдында жаңа міндеттер қойып отыр. Кейбір мекемелерде кәсіподақтың рөлі мен маңызы туралы түсінік әлі де жеткілікті деңгейде қалыптаспады. Бұл – біз үшін негізгі түйткілдердің бірі.

Сонымен қатар еңбек қатынастарының жаңа формаларына бейімделу, жұмысшылардың әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Осы орайда кәсіподақтардың құқықтық мәртебесін күшейту, ұйымдық мүмкіндігін кеңейту және қызметін заманауи талаптарға сай бейімдеу – алдағы басты міндеттердің бірі.

– Сіз үшін кәсіподақтағы қызметтің ең қызықты әрі жауапты тұсы қандай?

– Ең бастысы – адамдарға шынайы көмек көрсете алу. Кәсіподақтың миссиясы – қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал ету. Әрбір жұмысшының мәселесі шешімін тауып, алғыс айтып, көңілі жайланғанын көру – біздің ең үлкен жетістігіміз әрі қызметіміздің мәні.

Біз үшін еңбеккер құқығы – ең басты құндылық. Бұл жұмыс үнемі қоғам алдындағы үлкен жауапкершілікті сезіндіреді. Себебі кәсіподақ – тек ұйым емес, ол адамдардың сенімі мен үмітін арқаалаған орта.

– Кәсіподақ мүшелерін, әріптестеріңізді және барлық еңбек адамын мерекесімен құттықтап, тілегіңізді білдірсеңіз.

– Кәсіподақ мүшелері мен еңбек майталмандарын 10 қазан – Қазақстан Кәсіподақтары күнімен құттықтаймын! Бұл мереке – адал еңбекті қадірлейтін, еңбек адамының абыройын асқартатып, құқықтары мен мүдделерін қорғауға күш салатын барша азаматтарға ортақ қуаныш. Кәсіподақ әрқашан да еңбек адамының

сенімді тірегі болып, әділдік пен ынтымақтың бастауы болып келеді. Кәсіподақ мүшелерінің қажырлы еңбегі облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына, ел игілігіне үлес қосуда. Баршаға мықты денсаулық, отбасыңызға амандық пен бақ-береке, еңбекте табыс тілеймін.

Кәсіподақ ұйымдарының жұмысы жемісті болып, еңбек адамдарының абыройы арта берсін! – Сұхбатыңызға рақмет!

10 қазан – Қазақстан Кәсіподақтары күні – еліміздегі еңбек адамын қолдауға арналған маңызды мерекелердің бірі. Биыл бұл күн ерекше мәнге ие. Себебі Қазақстан кәсіподақ қозғалысына 120 жыл толып отыр. Осы айтулы датаға орай Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында баспасөз мәслихаты өтіп, онда Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Максұт Нәлібаев кәсіподақ қозғалысының тарихы, қазір атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлары туралы кенінен баяндады.

ҚАЗАҚСТАН КӘСІПОДАҚТАРЫНА – 120 ЖЫЛ

– Елімізде кәсіподақтар тарихы сонау 1905 жылдан басталады. Биыл Қазақстан кәсіподақ қозғалысына 120 жыл толып отыр. Бұл – әлеуметтік әділеттілік пен жұмысшы құқығын қорғау жолындағы ғасырдан астам уақытқа созылған тарих, – дейді бірлестік төрағасы.

Оның айтуынша, қазіргі Қарағанды облысы аумағында орналасқан Өспен мыс кеніші жұмысшыларының одағы – Қазақстан жеріндегі ең алғашқы кәсіподақ ұйымы саналады.

– Кәсіподақтың басты мақсаты – еңбек жағдайларын жақсарту, жалақыны әділ төлеу және жұмысшылардың құқықтарын қорғау. Кеңес дәуірінде кәсіподақтар миллиондаған жұмысшының әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауға бағытталған ауқымды ұйымға айналды. Тәуелсіздік жылдарында кәсіподақ қозғалысы күрделі өзгерістерден өтті. Еңбек қатынастары жаңа заңнамалық нормаларға сай реттелді, жұмысшылардың құқығын қорғау жүйесі жаңғыртылды, – деді Максұт Ыбрайханұлы.

Төраға атап өткендей, бүгінде Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы еліміздегі ең ірі қоғамдық ұйым саналады. Оның құрамында 2 миллионға жуық кәсіподақ мүшесі бар.

– Федерацияның құрылғанына биыл 35 жыл толып отыр. Бұл жылдар ішінде федерация еңбек адамының мүддесін қорғаудың қуатты институтына айналды. ҚРКФ құрылымына 16,5 мың бастауыш кәсіподақ ұйымдары, 18 аумақтық кәсіподақ бірлестіктері және 24 салалық кәсіподақ кіреді. Ұйым халықаралық кәсіподақтар конфедерациясының мүшесі ретінде Орталық Азия елдері мен түркі мемлекеттері кәсіподақтарының ынтымақтастығын дамытуда белсенді рөл атқаруда, – деді төраға.

Спикердің айтуынша, Қызылорда облысының кәсіподақ қозғалысы да бай тарихқа ие.

– Қызылорда облысы кәсіподақтарының 75 жылдық тарихы бар. 1949 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан кәсіпшілер одағы Кеңесінің қаулысымен облыстық кәсіподақтар

кенесі құрылған. 1950 жылы алғашқы облыстық конференция өтіп, оның төрағасы болып Мөрәлі Шаменов сайланған. 2014 жылы Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының шешімімен облыстық кәсіподақтар кенесі қайта құрылып, Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы болып өзгертілді. Бүгінде біздің бірлестік 12 салалық кәсіподаққа мүше 97 мыңнан астам еңбеккерді біріктіреді, – деді Максұт Нәлібаев.

Оның сөзінше, өңірдегі кәсіподақ ұйымдары әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытып, еңбеккерлердің жалақысы мен құқықтарының қорғалуына басымдық беріп келеді.

– Кейінгі жылдары өңірде еңбек қатынастарының тұрақтылығын сақтау үшін 52 меморандумға қол қойылып, 130-дан астам ұжымдық шарт жаңартылған. Барлығы 5923 ұжымдық шарт жасалған, бұл кәсіпорындардың 67,7%-ын қамтиды. Осы келісімдер арқылы жұмысшыларға қосымша әлеуметтік кепілдіктер қарастырылды, – дейді төраға.



Кәсіподақ ұйымдары еңбек қауіпсіздігі мәселесіне де ерекше көңіл бөледі.

– Кәсіподақтар бастамасымен өңірдегі кәсіподақ ұйымы бар 736 мекемеде өндірістік кенестер құрылып, техникалық инспекторларға арналған оқыту семинарлары өткізіліп тұрады. Сонымен қатар әлеуметтік әріптестермен бірге өңірлік ұшақты комиссияның жұмысы белсенді жүргізілуде. Бұл – жұмыс беруші, мемлекет және кәсіподақ арасындағы тендік диалогты қамтамасыз ететін маңызды алаң, – деді Нәлібаев.

– Мемлекетіміз биыл «Жұмысшы мамандықтар жылын» жариялады. Бұл – еңбек адамының мәртебесін көтеруге бағытталған маңызды қадам. Біз өндірістің әр саласында еңбек етіп жүрген қарапайым жұмысшыларға қолдау көрсетеміз. Алдағы еңбек күніне орай көптеген жұмысшы марапат төріне шығып, еңбегі еленбек, – дейді Максұт Нәлібаев.

Сондай-ақ биылғы съезд аясында кәсіподақтардың 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы қабылданып, онда

әділ жалақы, еңбек қауіпсіздігін күшейту, ұжымдық шарттарды нығайту және жастарды кәсіподақ жұмысына тарту бағыттары айқындалды.

– Бұл құжат «Өзгерістер дәуіріндегі әділ еңбек: қорғау, даму, инновациялар» деп аталады. Онда жалақыны әділ есептеу, еңбек қауіпсіздігін арттыру, ұжымдық шарттар жүйесін нығайту, жастар мен әйелдердің кәсіподақ қызметіне белсенді араласуын қолдау және халықаралық ынтымақтастықты дамыту секілді негізгі бағыттар қамтылған. Біз қазір осы стратегияны өңірлік деңгейде жүзеге асыруға кірістік.

Еңбек адамы – ел дамуының тірегі. Оны қорғау – біздің ортақ міндетіміз, – деп түйіндеді Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы.

Бұл мереке – еңбек адамдарын ұлықтап, олардың қоғамдағы еңбегіне құрмет білдіретін маңызды күн. Кәсіподақ қозғалысының басты мақсаты да – еңбек адамының мүддесін қорғап, әділдік пен ынтымақты нығайту.

Басы 1-бетте

«Өмірдің ақ пен қарадан тұратынын түсіндіру үшін баланың аяғына ала жіп байлаған. Тұсауын тіпті үш рет кесетіндер бар екен. Ол болмайды. Адам баласының кімге ұқсағанын қалайды? Соны алдымен шешіп алуы керек. Кезінде көк шөппен, тоқ ішекпен кескен. Үлкен апалар батасын беріп, ұл бала болса оның тұсауын ел сыйлаған ағасы кессе, қыз баланың тұсауын жастау, халқына сыйлы, өнерлі келіншек кескені дұрыс» деп жазылған кітапта.

Ал ала жіпті бала көтермей жүрген келіншекке сыйға берген. Ырым бойынша ол жіпті іліп немесе сақтап қоюы керек. Көп ұзамай балалы болады деседі. Сонымен қатар ала жіпті қайшыламаған. Қазақ үшін «қайшылану» деген жақсылық емес. Егер баланың тұсауы қайшымен кесілсе, оның өмірі де қайшыланып қалады, қиындыққа, кедергіге толы болады деген сенім бар. Сондықтан бүлдіршінінің тұсауын пышақпен кескен.

Нәрестеге байланысты тағы бір дәстүр – шілдехана. Бұл жөнінде теолог Бақтияр Оспанов «Баланы тұзды суға түсіру – шығыс халқына, қазақ пен өзбек ағайынға ортақ дәстүр. Көпшілік бұл рәсімді «қырқынан шығару» деп атайды, алайда дәстүрдің түпкі мәні – «қырық суынан шығару» немесе «шілде суынан шығару» деп аталған. «Шілдехана» сөзі де осыдан шыққан. Парсының «шіл»

баланың жынысын анықтау үшін той жасамаған. Бұл жөнінде Берік Саймағанбетов «Қазақта баланың жынысына байланысты той болмаған. Ең бастысы – «нәрестенің амандығы мен денінің саулығы» деп білген. Бүгінгі «gender party» – батыстан келген сән, ұлттық дәстүрдің орнын алмастырмауы тиіс» дейді. Бұл өзіміз колдан жасап алған жаңа дәстүріміз болса, өзгергендер де баршылық. Мысалы үйлену тойға қатысты дәстүрдің бірі – қыз ұзату. Отбасымен қуанышын бөлісіп, өзге үйдің түтінін түтетіп, бақытты етуге аттанатын қыз, отбасы мүшелерімен қоштасып, сыңсу айтады. Ата-анасы ақ тілекпен, ақ жолға салып қыздарын шығарып салады. Бүгінде ұзатылатын қызды ортаға әкесі алып шығып жатыр. Сонымен қатар қазақ кезінде отты қадірлесе, қазір туған күн кешінде шырақты сөндіріп жүрміз. Отты өшірмеу, қастерлеу дәстүр болмаса да, мағынасы терең екенін ұмытқандаймыз.

– Қазақ дәстүрінде қызды әкесі ортаға алып шықпаған. Бұрын оны жөнгелері мен құрбылары шығарып салған. Әкенің міндеті – батасын беру. Қазіргі әкенің алып шығуы – еуропалық үлгіден енген бұралқы дәстүр. Осы кірме дәстүрді елге белгілі азаматтардың атқарып жүргені ішінді ашытады.

Қазақ отты – киелі деп білген. «Отты өшірме, отты айналма, отың өшпесін» деген нақылдар – шаңырақтың берекесі жоғалмасын деген ырым. Ал төрттағы шамды үрлеу – тілек

халық Құдайдың бір аты екенін естен шығармайық. Сәлем салу – табыну емес, сый көрсету. Ол – келіннің инабаттылығы мен қайын жұртына құрметінің белгісі. Қазақ әйелінің ибалығын танытқан әдемі ишарат. Сәлем салуды жоққа шығару – қазақты тәрбиені жоққа шығару деген сөз».

Қайырбек Отызбаев дәстүрді ескіліктің қалдығы деу дұрыс емес екенін алға тартты.

– Алла Тағала адамзат әубаста бір ер мен әйелден жаратылғанын былайша баян етеді: «Ұа, адамдар! Шүбәсіз, сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ сендерді бір-бірімен танысып, табысуларың үшін сан алуан ұлыстар мен тайпаларға бөлдік» («Хужурат» сүресі, 13-аят). Барлық адам баласы бір ата мен анандан тараған. Шынында адамзат алуан түрлі ұлыстарға, тайпаларға бөлінген. Түбі бір ата-анаға барып тірелсе де, әр халықтың өзіне тиесілі алуан-түрлі әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі бар. Аятта айтылғандай, Алла Тағала ұлыстар мен тайпаларды өзара тану үшін жаратқан. Әр халықтың өзін танытатын салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Егер салт-дәстүрі, әдеті мен ғұрпы жойылса, сол халықтың өзі де жойылары сөзсіз. Қазақ халқы да ғасырлар бойы дін мен дәстүрді қатар ұстанып, ұлттық болмысын сақтауда.

Ислам ғалымдары: «Әдет-ғұрыптың дәлел ретінде жүретініне қатысты мынадай хадис бар: «Мұсылмандар жақсы деп тапқан зат, Алланың құзырында жақсы» (Ахмад). Ислам құқығының

– Мысалы ерулік – жаңа қонысқа келген көршіні қонақ ету. Ынтымақ пен татулықты арттырған бұл дәстүр қазір сирек кездеседі. Сосын түйемұрындық – көш кезінде алғашқы жүк артылған түйеге жасалған ырым. Бұл көшпелі өмірден қалған киелі белгі еді. Сол сияқты қалжа – жас босанған әйелге арнап қой сойып, сорпасын ішкізу. Оның астарында ананың сауығуына, баланың денсаулығына тілек пен әрекет жатты. Белкөтерер – науқастың көңілін көтеру үшін жеңіл ас апару. Қамқорлық пен адамгершілікті танытқан әдемі дәстүр. Бұлардың барлығы қоғамдағы бірлік пен ағайын арасындағы мейірімділікті күшейтетін құндылықтар болатын, – дейді ол.

Бірде үйге қонаққа келген әже бұрын ұлдарға кекіл, айдар, ал қыздарға тұлым қоятынын айтқан еді. Айдар туралы жастардың хабары бар, десе де тұлымды білмейтіндер сол кезде таңқалды.

Иә, шаш адамның көркіне көрік қосады. Бірақ қазақта шаш қою дәстүрі ерекше мәнге ие. Дана қазақ бір тал шашты жерге тастамаған. Түскен шашты отқа тастаған немесе ошақтағы қуыстарға тастаған



ӨР ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗЕГІ — ДӘСТҮР



сөзі қырық деген мағынаны білдіреді. Демек шілдехана – баланың қырық күндік мерзімін өткеріп, қырық суынан шыққанын білдіретін дәстүр. Кейде шілдехананы ертерек жасап, баланы ауыртып алатын жағдайлар кездеседі. Жок, олай ерте қырық суынан шығаруға болмайды.

Ал енді неге тұзды су? Тұз – ежелгі шығыс медицинасында да, Пайғамбарымыздың сүннетінде де тазарту қасиетімен ерекше бағаланған. Ол адам ағзасындағы жағымсыз энергияны кетіреді, тері арқылы енген вирустар мен бактерияларды жояды. Алайда тұздың мөлшері өте маңызды. Мұндай баланың иммунитеті мықты болғанымен, тұзды шамадан тыс суда шомылған баланың терісі катаяып кетеді. Мәселен, бұрын қазақ даласында кең тараған қызылша – теріні жарып шығатын ауру. Ал терісі катаяып кеткен бала ондай кезде қиналып, ауруды ауыр өткереді» дейді.

Қараңызшы, біз дұрыс істеп жүрміз бе? Тұсаукесердің өзінде қанша тыйым бар, ал оның бір парасын білмейміз. Жалпы дәстүр деген не? Осы орайда жырышы Берік Саймағанбетовпен байланыстық.

– Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті салт-дәстүрлер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды. Әрбір ғұрыптың ар жағында үлкен тәрбиелік мән жатыр, ол – қоғамды ұйыстыратын құндылық.

Салт – тұрмыстық дағды, күнделікті әдет. Оған қонақ күту салтын жатқызуға болады. Ал дәстүр деп қоғамдық маңызы бар, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін рәсімдерді айтамыз. Мысалы барлығымызға таныс қыз ұзату, ол – дәстүр.

Қазақ дәстүрлері – халқымыздың рухани қазынасы. Оның кейбірі қолданыстан шығып, кейбірі заманға қарай өзгерсе де, түпкі мәнін сақтап, жастарға дұрыс жеткізу – біздің міндетіміз. Дәстүр – тек рәсім емес, ол – ұлттың тарихы, тәрбиесі мен өмірлік тәжірибесі, – деді ол.

Қазір біз көріп жүрген «gender party» бүгінгінің дәстүріне айналды. Ал қазақта

тілеу заманауи еліктеушілік ғана. Мағынасы бөлек болғанымен, жастарға отқа құрметпен қарауды түсіндіріп жүру керек.

Уақыт өзгерген сайын дәстүрлердің формасы да өзгеріп келеді. Қыз ұзату бұрын қарапайым ғана ағайын арасында өткізілсе, қазір шоу-бағдарламаға ұқсап кетті. Құдалық кезінде мал, киім, қалыңмалмен жасалса, бүгінде ақша мен алтынға ауысты. Шілдехана ерте кезде баланың дүниеге келгенін атап өтсе, қазір үлкен банкетке айналған. Дәстүрдің өзгеруі заңды құбылыс, бірақ оның түпкі мәнін сақтау міндет. Дәстүр заман талабына қарай бейімделеді, әр заңдылық, әрі – табиғи құбылыс. Бірақ қауіпті тұсы – егер дәстүрдің рухани мазмұны ұмытылып, тек сән-салтанаты ғана қалса, ол өзінің тәрбиелік күшінен айырылады, – деп пікір білдірді Берік Саймағанбетов.

Жалпы алғанда «Заманға сай дәстүр» деген ұғым дұрыс па, әлде дәстүр өзгермей, түпнұсқада сақталуы керек пе?

– Дәстүрді ескінің сарқыты емес, даналықтың, ұлттық тәрбиенің мұрасы деп білу керек. Керісінше, дәстүрсіз өмір кешу рухани әлсіздік. Оны тани білумен жастарға бағыт беріледі, ұлттың қадірі артады. Халқымызда «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген сөз бар. Бұл мағынасы өте терең, халық даналығынан шыққан сөз. Дәстүрдің озығы дегеніміз, әр заманға сай, адамға пайдасы тиетін, тәрбие мен мәдениеттің негізі бола алатын жақсы дәстүрлерді сақтап қалу. Мәселен, үлкенге сәлем беру, қонақ күту, бата беру, бесікке салу, тұсау кесу, құда түсу, сыйластық мұның барлығы заманға сай жауап бере алатын дәстүрлеріміз. Дәстүрдің тозығына келсек, мән-мағынасы жоғалған, дін исламға немесе ақылға қайшы, ескірген салттарды айтамыз. Дәстүрдің бәрін ұстану – ақылдылық емес, ал оны ішінен саралап алу – даналық екенін ұмытпауымыз қажет. Жақсысын жалғастырып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отыруымыз керек, – деп түсіндірді «Мүсерілі ата» мешітінің бас имамы Қайырбек Отызбаев.

Бірде «Instagram»-дағы бір пікірді оқып қалдық. Автор онда сәлем салу дұрыс дәстүр емес, ескінің көзі, тіпті адамға табыну деп жазып, өз қарсылығын білдірген екен. Бұл жөнінде Берік Саймағанбетов келесідей пікір айтты:

«Кейінгі жылдары сәлем салу дәстүрі жөңсіз талқыланып жүр. Кейбір әсіре дінишілер оны «күлдік ұру», біз құдайдың алдында ғана басымызды иеміз деп терістейді. Бұл – қате пікір. Екілесіп келгенде

ережесі бойынша да дәлелге алынады, яғни «әдет-ғұрып – төреші» деген қағида бар. Осы дәлелдерге сүйене отырып, мұсылман үшін Алла Тағаланың шариғатын орындауда әдет-ғұрыптың өзіндік орны барын әрі оны мансұқтаудың жөні жоқ екенін ұмытпауымыз керек» деген.

Сондықтан дәстүрді ескіліктің қалдығы деу – дұрыс емес. Дәстүрді сақтаудың негізгі мәні – тәрбиеде. Өйткені дәстүр халықтың ұлттық болмысы мен рухани тамыры, тарихы мен тәлімнің сабақтастығы, тәрбиенің, мәдениеттің негізі. «Дәстүрсіз ел – тамыры жоқ ағаш» деген сөз бекер айтылмаған, – деп жауап берді имам.

Бақтияр Оспановпен сұхбаттасқанда, теолог маман қазақы дәстүрдегі жылу жинау, асарлату жайлы айтты. – Өуелі, жалыну мен жағынуға тоқталсақ. Бұл екеуі де қазаққа сырттан келген қасиет. Бұл ұлттың өр мінезін әлсіретіп, сағын сындырады. Ал қазақтың болмысында мұндай жоқ еді. Ханның алдына барғанның өзі «Дамтыр бар» деп қана қысқа қайырған. Өтінішін де намыспен, сабырмен жеткізген. Қазақ жылу жинайды, көмек сұрайды. Десе де жалынған емес. Осыны ұмытпаған абзал.

Біздің асарлату бар. Асар – жай ғана көмек емес, ол ұран. Асарға шақырылғанда ешкім ешқандай сылтау айтпайды. «Асар!» деген үн естілсе, әркім өзі не баласын жіберіп, міндетін атқарады. Онда жалыну да, жағыну да болмайды. Кезінде қазақ үйді де асарлатып салған. Сол кезде ауызбіршілік қандай еді?! Ауыл адамдарының барлығы бірігіп, үйдің шаңырағын көтеріп, соның қуанышына ортақтасқан. Біреу сабан тураса, біреуі бір кірпішін қойса да үйдің іргесін қалауға атсалысқан. Ортақ іс жасағандар бір дастархан басына жиналып, бір үйдің баласындай араласқан. Ал енді қараңызшы, осындай игі істе бірге жүрген жандар бір-бірімен ұрыса ма, төбелесе ме? Жок.

Ал қазір ше? Асар ұғымы көмектің атына ғана айналды. Барлығын ақшаға жасататын болдық. Көрші көршісін, ауыл ауылын танымайды. Дәстүрден айраған жерде мейірім де, жанашырлық та азаяды. Сондықтан бүгінгі қоғамға ең алдымен асар рухы керек, – деп бөлісті теолог.

Берік Саймағанбетов те бұрынғы тұрмыстық ғұрыптардың көбі бүгінде ұмыт бола бастағанын айтып, қынжылды.

Этнограф-ғалым Тәттігүл Қартаева сұхбаттарының бірінде осы тақырыпты айтқан еді. Оның сөзінше, шаштың күтімі мен оны өсіруге қатысты ұғымдар ерте кезден қалыптасқан.

– Баланың қырқынан шыққан кездегі алынған шашын қазақ халқы «қарын шашы» дейді. Ол «қар», «қары» деген байырғы түркі сөзімен тығыз байланысты. Тіпті, қазақта «қарын шашыммен қарғаймын» деген қарғыс болған. Оны әжелер қатты ызаланғанда айтқан. Сондықтан қарын шашты жерге таспамай, оны адамның аяғы баспайтын жерге көмген немесе сақтап қойған

Қазақ халқы кішкентай баланы тіл-көзден сақтау үшін оған айдар, тұлым, желке шаш қойған. Айдар, тұлымды қыз балаға да қойған. Ұл баланың айдары төбесінен қойылған немесе желке тұсынан бір ғана шаш қалдырған. Оны «желке шаш» дейді. Кейін бұл шашты өсіріп, өрген. Айдар, тұлымды, желке шашты бала сүндеттелгенге дейін немесе алғашқы мүшел жасқа дейін алмаған, – деді ол.

Өлгенде айтқан отты қастерлеу сенім болса, ырымдардың ішінде жиі қолданылатыны – ұшықтау.

– Жер ұшық – қазақ дәстүрінде де, шарғы медицинасында да, шарият ілімінде де бар. Мұны бүкіл шығыс халқы жақсы біледі. Тіпті бүгінгі әлемдік медицина да оның кейбір әсерін ғылыми тұрғыда дәлелдеп келеді. Адам мен жердің арасында табиғи байланыс бар. О бастан жердің де магниттік тартылыс күші бар. Ол адам бойындағы теріс энергияны тартып алады. Батыс ғалымдарының зерттеуінше, адам небәрі он минут жалаңаяқ жерде жүргеннен кейін оның қан айналымы 3-4 есе жақсартады.

Біздің ата-бабаларымыз мұны ежелден-ақ білген. Сол себепті жер ұшық арқылы баланың сырқаты мен әлсіздігін кетіру үшін кесеге су құйып, сүре оқып, маңдайы мен бетіне үшкіріп үрлеген, – дейді Б.Оспанов.

Қазақтың әр дәстүрінің түбінде терең мән, тәрбие мен рухани сабақтастық жатыр. Уақыт өзгерсе де, оның өзегі – ізгі ниет, сыйластық, бірлік пен тектілік сақталуы тиіс. Сондықтан дәстүрдің даналығын ұмытпай, жақсысын жаңғыртып, мәнін жоғалтпай жастар арасында насихаттайық!

Төтенше жағдайлар министрлігінің құрылғанына – 30 жыл

АРДАГЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ




Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының бірінші орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі Жасұлан Түйменов сала ардагері Серікбай Бақытжановты қарттар мерекесімен құттықтады.

Ардагерді марапаттап, кеудесіне «ТЖМ Ардагерлер ұйымының құрылғанына – 20 жыл» мерекелік медалін тақты. Ардагер Серікбай Бақытжановтың ұлы Бауыржан Бақытжанов та – өзінің еңбек жолында жауапты қызметкерлердің бірі болған сала ардагері. Азаматтық қорғау органының ардагерлері өздерін құттықтап келген өңірлік ТЖД басшылығына алғыс білдірді.

ТӘРТІП ПЕН ЗАҢДЫЛЫҚТЫ САҚТАУ –
ӨРБІР АДАМНЫҢ ПАРЫЗЫ

«Достық үйінде» тәртіп пен заңдылықты сақтау тақырыбында семинар-сабақ өтті. Қоғамда заң мен тәртіпті сақтау, есірткі және басқа да тыйым салынған заттарды пайдалануды болдырмау, радикалды діни ағымдардың, терроризмнің, экстремизмнің идеологиясына жол бермеу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында өткен жиынға Қызылорда облысының ТЖД ұжымындағы аппарат қызметкерлері, өрт сөндірушілер, құтқарушылар, әскери, мемлекеттік әкімшілік және азаматтық қызметшілер қатысты.



Сабақ барысында облыстық Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» аға маманы Бакберген Сәрсенбайұлы, Полиция департаментінің инспекторы Гүлзира Искакова, Мемлекеттік қызмет істер департаментінің Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы Жанар Қозбағарова, ПД жергілікті полиция қызметі басқармасының взвод командирі Бағдат Насыров дәріс оқыды.



2 қазан күні Қазалы ауданы Ақжон ауылдық округіне қарасты Майдакөл ауылында тұрғын үйдің ауласында мал қора жануда деген хабарлама түсті.

№15 өрт сөндіру бекетінен өрт сөндірушілердің оқиға орнына жетіп, екі үйдің мал қоралары жанып жатқанын анықтаған. Ішінде ірі қара болмаған.

Жанудың жалпы ауданы 300 шаршы метрге жеткен. Өйтсе де тілсіз жаудың екпіні басылып, өрт толық сөндірілді.

Оқиға орнында №15 өрт сөндіру бекетінен 5 жеке құрам, 1 техника, Бекарыстан би ауылы әкімдігінің өрт сөндіру пунктінен 4 адам, 1 техника, «Ауыл құтқарушылары» ерікті өртке қарсы құрылымынан 20 адам, Ақжон ауылдық округінен 1 техника жұмылдырылды. Өрт сөндіру жұмысына барлығы 29 адам, 3 техника атсалысты.

Басы 1-бетте

– Жанерке-мен 2021 жылы та-ныстым. Үш жылдай әріптес болып жүргенде оның іскерлігін, пысықтығын, жан-жақты-лығын көрдім, ең бастысы ақылына көркі сай екеніне тәнті болдым. Осылайша өткен жылы екеуіміз бас қостық, жас отауға айналдық. Қазір сүйікті де тәтті балапанымыз бар. Иә, Жанеркенің ізгі қасиеті көп. Сол мені баурады, – дейді Сағитжан Қалдырұлы.

Сағитжанның жары Жанерке Жүсіпназар 1997 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. Қызылорда көпсалалы гуманитарлық-техникалық колледжін, кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін, Қызылорда ашық университетін бітірген.

– Негізінен 2018 жылдың мамыр айынан бастап жел-тоқсан айына дейін №6 өрт сөндіру бөлімінде штаттан тыс «радиотелефонист» болып жұ-мыс істедім. Сол кезеңде осы қызметке деген құлшынысым артты. Адамдарға көмек беру, әскери форма киіп, азаматтық қорғау органдарының жауапты маманы болу деген бала күнгі арманымды орындауға мүм-кіндік туғандай болды. Соны-мен бірге әкемнің өз кезеңінде өрт сөндіру саласында қызмет еткені маған мотивация болды, – дейді Жанерке Ерболқызы.

Бүгінде Жанерке Қызылорда облысы ТЖД жоспарлау және жедел басқару орталығы өрт байланысының орталық пунктінің диспетчері лауазымында қызмет етуде.



– Маған Сағитжанның жауапты маман екені, бір-сөзділігі, сұңғақ бойлы-лығы, спортсүйгіштігі, адамгершілігі, оған қоса өнерпаздығы – ги-тарамен ән салатыны ұнады. Осындай жан-жақты, тәлім-тәрбиелі азаматтың сүйіспеншілігінен – нағыз мен күт-кен ақ боз атты ханзадам екенін сездім, – дейді ол. Сағитжан мен Жанерке – ұжымда беделді, жауапты маман-дардың бірі. Бір-бірінің қауырт қызметте екенін жүрекпен ұға біледі. Әрі әріптес, әрі бір отбасының адамдары ретінде өмірде де, қызметте де қол ұстасқан жас жұбайлар.

ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰРДАСЫ

Оны 2024 жылы өзге өңірлерде болған су тасқыны кезінде аяңбай тер төккен, қажырлы еңбегімен көзге түскен жастардың бірі ретінде білемін. Қайсар, қайратты, біртоға мінезді. Көбіне күрделі жұмыстардың басы-қасында жас та болса ерекше белсенділік танытып жүретіні оның жауаптылығы мен еңбекқорлығы нағыз патриот екенін айқын көрсетіп тұрады. Үлкен-кішіні сыйлай білетіні, елгезектігі, белсенділігі, көптің алғысын алуға деген құштарлығы оны, яғни, құтқару қызметінің құрдасын өзі қалаған осы қауырт қызметке әкелгендей көрінеді. Біз айтып отырған азамат – Мерей Раманқұл.

Мерей Жантөреұлы 1995 жылдың 5 қа-рашасында Қызылорда облысының Жаңа-қорған ауданындағы Жаңарық ауылында дүниеге келген. 2013 жылы Жаңарық ауылындағы №167 орта мектебін тәмамдаған ол арман қуып, 2015-2019 жылдары ҚР ПМ ТЖК Көкшетау техникалық институтында «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша білім алды.

Оның алға ұмтылысы оқу орнын бітіре сала жұмысқа орналасуға әкелді. Талапшыл жас 2019 жылдың 6 маусымында №158 бұй-рығымен Қызылорда об-лысы ТЖД «ӨС және АҚЖК» ММ Жаңақорған ауданы №14 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл басты-ғы лауазымына тағайындал-ды. Ал 2019-2023 жылда-ры аралығында азаматтық қорғау органдарында қарауыл бастығы, аға анықтаушы, ин-женер лауазымдарында са-тылап өсіп еңбек етті. Бүгінде ол – Қызылорда облысы ТЖД ТЖ жою басқармасының инженері.

Құтқару қызметін тек қана мамандық емес, адамдықтың бейнесіндей көретін Мерей осы салада жүріп, өзінің азаматтық болмысын қалыптастырды. Жас маман 2021 жылдың 25 қыркүйегінде шаңырақ көтеріп, қазір ұл-қыз тәрбиелеп отырған жас отаудың иесі. Жұбайы Асылзат Базарханқызы – Жаңақорған ауданындағы №286 орта мектебінде «Бастауыш» саласының мұғалімі. Отбасылық жүкті, жауапкершілікті жастайынан түсінген Мерей – шаңырақтағы екінші перзент.

– Әкем Жантөре Раманқұлұлы Жаңақорған аудандық Оқушылар үйінде шаруашылық мен-герушісі болып жұмыс істейді. Қазақта «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген сөз бар. Темірдей тәртіп пен жауапкершілікті сезінуді әке тәрбиесінен алдым. Ол – менің өмірлік ұстазым. Қай уақытта да қолдап, ой-пікіріммен санасып отырады. Оның осы қолдауларының арқасында азамат болдым, атқа міндім, – дейді Мерей.

Бүгінде сол тәрбие жалынды жастың өмір белесінің әр сатысынан сүрінбей өтуіне көмектесіп келеді. Талпынғанның тау асатынын, биіктермен таласатынын көрсетіп жүр. Қайсыбір сәтте де қанатын биікке қакқан қырандай алысты көздейді. Межелі нысанға жету – оның айқын мақсаттарының бірі.

– Әкемнен тәртіп пен жауапкершілікті алсам, анам Гүлмира Қалболатқызынан мына әлемге махаббатпен

қарауды, айналаға қолұшын беруді алдым. Отбасымда осындай ата-ананың перзенті екенімді мақтан етемін. Олардың берген бағыт-бағдары мен тәлім-тәрбиесі мені әрқашан биікке жетелейді. Талабымды шындайды. Қандай белесті бағындырсам да, оның арғы жағында ата-анамның үлесі қомақты екенін мақтанышпен айтамын.

Әпкем Айдана білім саласында, қарындасым Сымбат денсаулық саласында қызмет етеді. Ал інім Мәди Алматы қаласындағы Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ



ұлттық техникалық зерттеу университетінде Ақпарат-тық қауіпсіздік мамандығы бойынша білім алуда. Ана-мыздың жүрегімізге мейірім дәнін себе білгенінен болар, бауырларыммен тату-тәтті өстік. Бауырларымның орны мен үшін жоғары, – деді ол бізбен әңгімесінде.

Мерей мамандығын бар жүрегімен жаксы көреді және оны мақтан тұтады.

– Биыл Құтқару қызметі-нің құрылғанына 30 жыл болды, мен де 30 жасқа тол-ғалы отырымын. Өзім еңбек етіп отырған осындай жауап-ты саламен құрдас болу – мен үшін үлкен мәртебе. Сон-дықтан өзіме артылған зор жауапкершілікті сезінемін, – дейді Мерей Жантөреұлы.

Ол қызмет жолында еткен еңбегіне орай Қызыл-орда облысының, Жаңақорған ауданының, Ақмола облысындағы Жаксы ауданының әкімдерінің алғыс хатын иеленген.

– Бұл жұмыста марапаттың да өзіндік орны бар шығар. Бірақ мен үшін үлкен марапат – көмегіміз тиген халықтың қуанышы. Қазақ «Батаменен ер көгерер, жауынменен жер көгерер» дейді. Халық берген ақ бата біздің жолымызды ақ етеді. Заңғар биікті бағындырып, жұмыста үнемі қадамымыздың алға басуына мүмкіндік береді. Болашақта да ұстанымым – осы. Өзінің елге керек екенінді сезіну, сенің жұмысың арқылы әлдекімнің қауіптен аман қалуы – зор бақыт, – дейді білікті маман.

Қоғамда өзінің жұмысын «күнім өтсе» деп, таңнан кешке дейін уақытын өткізіп, жалақы алғанына қуанып жүрген адамдар жетерлік. Ал Мерей тәрізді мамандар елдің жүгін арқалап жүр. Ортамызда осындай елжанды азаматтардың болғаны қуантады.

Айгүл АСЫЛҚЫЗЫ

КҮКІРТТІ СУТЕГІМЕН УЛАНУДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Күкіртсутек – тәтті дәмі бар түссіз газ, шіріген жұмыртқаның өзіне тән жағымсыз ауыр иісін шығарады. Өте улы. Аз мөлшерде күкіртсутегі бар ауаны ингаляциялау бас айнауды, бас ауруын, жүрек айнуын, құсуды тудырады, ал айтарлықтай концентрацияда комаға, конвульсияға, өкпе ісінуге және өлімге әкеледі.

Жоғары концентрацияларда бір рет ингаляция лезде өлімге әкелуі мүмкін. Күкіртсутек табиғатта ілеспе мұнай газдарында, табиғи газда және жанартаулық газдарда сирек кездеседі. Күкіртті сутегімен улану токсикант концентрациясы >0,006 г/м³ аумақта ұзақ уақыт болған немесе газ мөлшері 0,3-0,5 г/м³ асатын үй-жайда қысқа уақыт болған кезде болады. Тәуекел тобына күкіртсутекті

пайдаланатын кәсіпорындардың қызметкерлері, сондай-ақ тау-кен және мұнай өндіру салаларында жұмыс істейтін мамандар кіреді. Ауыр жаракаттар, негізінен, өндірістегі жазатайым оқиғалар кезінде, бір мезгілде көп мөлшерде удың маңайына таралу кезінде болады. Уланудың ең көп тараған себебі – тез буланып, газға айналатын сұйық токсиканттың төгілуімен жүретін өндірістік апаттар. Оның ең көп концентрациясы ойпаттарда, жертелелерде және құдықтарда болады. Газқағарлар улы заттың мөлшері 0,5-0,6 г/м³ төмен болғанда ғана тыныс алу мүшелері мен көзді толық қорғауды қамтамасыз етеді. Уланудың алдын алу үшін зертханаларда, шахталарда және өндірісте жұмыс істегенде келесі қауіпсіздік шараларын аса жауапкершілік сақтау керек.

Қауіпті аймақтарда жұмыс істейтін қыз-меткерлер респираторлармен, газқағарлармен немесе өзін-өзі құтқару құралдарымен қамтамасыз етіліп, қорғаныс құралдары қауіп деңгейіне және ықтимал токсиканттың шығарылу көлеміне сәйкес таңдалуы қажет. Жеке қорғаныс құралдарының жұмысшыға жақын жерде сақталуы маңызды.


Г.ТАЖБЕНОВ,

Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бас маманы



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ROAD-ЭСТАФЕТАСЫ: ЖАСТАР ТАЗАЛЫҚТЫ ҚОЛДАЙДЫ

«Таза Қазақстан» – жай сенбілік немесе бірреттік науқан емес. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде бірнеше рет атап өткен өмір сүру салты. Табиғатты қорғау, тарихи мұраға құрмет және азаматтық жауапкершілік, тазалық мәдениеті – осы құндылықтарды бір арнаға тоғыстырған «Жастар рухы» жастар қанатының «Taza Qazaqstan» road-эстафетасы 3 000-ға жуық белсендіні ортақ мақсатқа жұмылдырды.



Жоба аясында ауыл жастарының қатысуымен бірқатар маңызды кездесу өтті. Онда білім беру сапасы, жастарды жұмыспен қамту, интернет пен байланыс қолжетімділігі, сондай-ақ бос уақытты тиімді ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Мұрат Әбенев, Жарқынбек Амантай, Мұқаш Ескендіров және Мархабат Жайымбетов әр өңірде азаматтарды жеке қабылдады.

экоэстафета өткіздік. Табиғатқа жауапкершілікпен қарау – бұл жай ұран емес, өмірлік ұстанымға айналуға тиіс. Ал осы өзгерістің алдыңғы қатарында жастар жүруі керек. Біз Қазақстанның бұл қадамға дайын екенін дәлелдедік, – деді «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова.

Өткен жылдың жазында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев вандализмге қарсы жауапкершілікті күшейтетін арнайы заңға қол қойды. Бұл заңды Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары әзірледі.

– Бұл іс-шара туралы әлеуметтік желіден білдім. Экология мәселесіне тек аға буын емес, жастардың да белсенді араласып жүргені қатты қуантады. Осындай бастамаларды әрдайым қолдап, жастардың таза елде өмір сүруіне жол ашу қажет. – деді Қызылорда қаласының тұрғыны Қаракат Қуаныш.

Экоэстафета аясында 7 ауылдық елді мекенде жастармен кездесу өтті. Экоактивист Диас Талғатұлы мен «Қоғамды экологиялық дамыту орталығы» қоғамдық қорының жетекшісі Ясса Танир жастарға әр адамның жеке экологиялық жауапкершілігі туралы түсіндірді. Олар экологияны ұлттық деңгейдегі ортақ міндет екенін жеткізді. Президенттің тапсырмасымен басталған «Taza Qazaqstan» жобасының негізгі мақсаты – табиғатты қорғау мен туған жерге құрметті әр адамның өмір салтына айналдыру. Жоба жастарды қоршаған ортаға қамқорлық жасау арқылы елдің болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуді көздейді.

Жоба аясында ауыл жастарының қатысуымен бірқатар маңызды кездесу өтті. Онда білім беру сапасы, жастарды жұмыспен қамту, интернет пен байланыс қолжетімділігі, сондай-ақ бос уақытты тиімді ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Мұрат Әбенев, Жарқынбек Амантай, Мұқаш Ескендіров және Мархабат Жайымбетов әр өңірде азаматтарды жеке қабылдады. Тұрғындар ауызсу тапшылығы, жолдардың жағдайы, медициналық қызмет пен әлеуметтік қолдау мәселелерін көтерді. Депутаттар айтылған барлық өтініштер мен ұсыныстарды өздерінің парламенттік жұмысына енгізіп, тиісті мемлекеттік органдарға жеткізетінін айтты. Себебі «AMANAT» партиясының басты ұстанымы – бір реттік акциялармен шектелмей, елдегі өзекті мәселелерді тұрақты бақылауда ұстап, нақты шешім қабылдауға ықпал ету.

Мәселен, Қызылорда облысы Шиелі ауылындағы қоғамдық қабылдау барысында жергілікті тұрғын ауылдық жерлерде сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасын қайта жандандыру мәселесін көтерді. Оның айтуынша, қалаларда тұрғын үй бағасы 30 миллион теңгеден асып, бастапқы жарна шамамен 20%-ды құрайды. Ал ауылдарда баспана әлдеқайда арзан. Сондықтан егер мемлекет жастарға ауылда ең төменгі бастапқы жарнамен үй сатып алуға мүмкіндік берсе, бұл кадрлардың ауылда тұрақтап қалуына түрткі болып, ауыл шаруашылығының дамуына жол ашар еді. Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенев бұл ұсынысты қолдап, мәселені Парламент деңгейінде қарауға уәде берді.

– Бұл – өте өзекті бастама. Қазір мемлекеттік ресурстардың басым бөлігі Астана мен Алматыға бағытталып отыр. Ал өңірлерде жас мамандардың тапшылығы сезіледі. Егер қалалда бастапқы жарна 20% күйінде қалса, ауылда оны 1-2%-ға дейін төмендету нақты ынталандыру құралына айналары анық. Бұл жастардың ауылда қалуына, ауыл шаруашылығын дамытуға, жана жұмыс орындарын ашуға жол ашар еді. Мен бұл ұсынысты Үкімет деңгейінде көтеремін, – деді ол.

Экокеруеннің Қызылорда қаласындағы тазалық жұмыстары Жаңақорған ауданынан басталды. Өңірдің бас қақпасынан эстафетаны қабылдап алған қызылордалықтар жолдың бойына тазалық жұмыстарын жүргізіп, кешкілік «Жаңақорған» шипажайында «Open Air» шарасын ұйымдастырды. Жергілікті өнерпаздар мен елімізге белгілі өңшілер Нұрислам Тілеухан мен Ескара Бейбіт жастарға тынығушыларға ерекше көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ жастарға арнайы ойындар ұйымдастырылып, экологиялық сауалдарға жауап бергендерге арнайы «Zigi Zagi» сусыны мен сыйлықтар таратылды.



Сыр еліндегі екінші күнгі экоэстафета Шиелі ауданында жалғасын тапты. «Сығанак» қалашығында «Вандализмге жол жоқ» акциясын ұйымдастырған еріктілер «Оқшы ата» қорымына да аялдап, айналасын, жол бойындағы қоқыстарды жинады.

7 күнге созылған республикалық эстафетаны қорытынды іс-шарасы Қызылорда қаласының кіреберіс қақпасында өтті. Шараға арнайы Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Жарқынбек Амантай, «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова қатысты.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» акциясы бойынша елімізде тиісті шаралар жүзеге асып келе жатқанын жақсы білесіздер. Соның аясында «Жастар Рухы» Жастар қанатының осы бір жобасы өткен жылдан бері қолға алынып, елімізде тазалық мәдениетін қалыптастыруда тиісті шаралар жүргізіліп келеді. Биыл да Алматы – Қызылорда қаласы аралығындағы өткен экоэстафета мәресіне жетіп отыр. Осы экоэстафетаның басы-аяғында жүрген жандарға алғыс айтсақ артық болмайды.

Өздеріңіз білетіндей, Қызылорда қаласы тазалық бойынша республикамызда бірінші орында тұр. Бұл сіздер үшін қуанышты жаңалық. Оның үстіне мұнда тазалық тұрғындар арасында бірінші орында тұрғанын айғақтайды, – Мархабат Жайымбетұлы.

Рас. «Taza Qazaqstan» road-эстафетасы Президент тапсырмаларының нақты жүзеге асып жатқанын, сондай-ақ экология – бұл бір реттік сенбілік емес, жана ұлттық қозғалыс екенін дәлелдеді. Оның үстіне мұндай шараларға жастарды көптеп тарту көңіл қуантады. Тазалық өзімізден басталатынын ескерсек, осы тұрғыдағы жобаларды көбейту қажет-ақ.

Нұр БАҚЫТ



“Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» акциясы бойынша елімізде тиісті шаралар жүзеге асып келе жатқанын жақсы білесіздер. Соның аясында «Жастар Рухы» Жастар қанатының осы бір жобасы өткен жылдан бері қолға алынып, елімізде тазалық мәдениетін қалыптастыруда тиісті шаралар жүргізіліп келеді. Биыл да Алматы – Қызылорда қаласы аралығындағы өткен экоэстафета мәресіне жетіп отыр. Осы экоэстафетаның басы-аяғында жүрген жандарға алғыс айтсақ артық болмайды.”

Мәселен, «Taza Qazaqstan» road-эстафетасының төртінші күні Шымкент қаласында А.Асқаров атындағы дендропаркте «Чемпиондық рух» жаттығумен басталды. 300-ден астам белсендіге арналған жаттығуды Сидней олимпиадасының бокстан күміс жүлдегері Мұхтархан Ділдібеков, бокстан әлем чемпионы Біржан Жақыпов, самбодан үш дүркін әлем чемпионы Арман Оспанов, ауыр атлетикадан әлем чемпионы Нұргиса Әділетұлы, паралимпиада чемпионы Алина Дубинина өткізді. Сондай-ақ Шымкент қалалық партия төрағасы Мұрат Жанабайұлы, жастар жанашыры Есен Елеукең қатысты.

– Жастарды тазалық тәрбиелеу құптарлық іс. Соның аясында спортты да қатар алып жүру өте маңызды. «Чемпиондық рух» жобасы негізінде өткізілген бұл шара тек экоэстафета аясында емес, әрбір өңірде тұрақты өтіп тұратынын білдім. Осындай жобаларды көптеп ұйымдастырып, сау ұрпақтың өсіп жетілуіне үлес қосудымыз қажет, – деді Арман Оспанов.

Күннің екінші жартысында экологиялық акциялар мен концерттер ұйымдастырылды. Қағаз, әйнек және пластик қалдықтары жиналып, қайта өңдеуге жіберілді. Мұнда экология міндет емес, музыканы және саналы өмір салтын біріктіретін заманауи мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қабылданды.

Эстафетаға «AMANAT» партиясы мен «Жастар Рухы» белсенділерінен бөлек, қоғам қайраткерлері, студенттер, бизнес өкілдері мен жергілікті тұрғындар да қызығушылық танытты.

Өткен жылы Астана мен Алматы қалалары арасында 1202 шақырымды қамтыған экоэстафета биыл Алматыдан басталып, тазалық жұмыстары «Алматы – Қызылорда» тасжолының бойымен 1200 шақырымға созылды.

Арнайы шараға «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі Никита Шаталов, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Мансұр Ошурбаев арнайы қатысты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, тазалық бұл – біздің өмір салтымыз, сондықтан тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен қаладан басталуы қажет. Осы сөздер біздің идеялық тұғырнамамызға айналды. Қоғамда табиғатқа, тарих пен мәдениетке, жалпы қоршаған ортаға ұқыпты қарау әдетін орнықтыру керек. Жастардың бойына нағыз экологиялық патриотизмді сіңіріп, жауапты мінез-құлық қалыптастыру – біздің мақсатымыз, – деді Дәулет Жамаубайұлы.

200-ден астам белсенді жас бастап шыққан топ әр өңірде жаңа қатысушылармен толықты. Оларға студенттер, жергілікті тұрғындар мен жол бойындағы жүргізушілер қосылды. Осылайша «Taza Qazaqstan» ел бойынша ауқымды экокеруенге айналып, мыңдаған адамды ортақ мақсат төңірегіне топтастырды. Бір апта ішінде 3 мыңнан астам қатысушы 150 тоннаға жуық қоқыс жинап, оны сұрыптап, қайта өңдеуге жіберді. Осылайша эстафета табиғатты қорғаудың ғана емес, экологиялық сананы тәрбиелеудің де жарқын үлгісіне айналды.

– Бұл апта бізге тек көшелер мен жолдарды ғана тазалау емес, жалпы қоғамдық ойлау мәдениетін өзгерту қолымыздан келетінін көрсетті. 7 күнде рухтастар Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласының аумағынан өтіп, 15 елді мекенді ретке келтіреді.

Біз аптасын «Таза бейсенбі» акциясын өткізіп, тарихи ескерткіштерді вандализммен қорғаймыз, түрлі экологиялық іс-шаралар ұйымдастырамыз. Енді осының барлығын біріктіріп, ауқымды



Қазір әлеуметтік желі – шығармашылық адамдардың өзін танытуының, ой-пікірін білдіруінің ең пәрменді алаңы екеніне шүбө жоқ. Сол кеңістікте өз қолтаңбасын қалыптастырып, көптің ықыласына бөленіп жүрген жандардың бірі – Бағлан Қалиев пен Қуаныш Оспанов.

Көпшілікке мәнді әзіл мен сапалы контент ұсынып, құн сайын күлкі мен қуаныш сыйлап жүрген блогерлермен сұхбаттасудың сәті түсті. Әңгіме барысында олардың блогерлікке келу жолы, көрерменнің көңілінен шығу сыры, жеке өмір мен шығармашылықты қатар алып жүру туралы әңгіме өрбіттік.

– Бағлан Аманбекұлы, әлеуметтік желідегі паракшаңызға қарасак, түрлі қырдан танымыз. Мәселен, сценарист, КТА-шы, актер, асаба, мұғалім... Осыныша қырыңызды бір сөзбен түйіндесек, өзіңізді кіммін деп атар едіңіз?

Бағлан: – КТА-ға деген қызығушылығым бала кезімнен басталды. Мектеп қабырғасындағы сайыстарда ойнап жүріп-ақ әзілдің адамды да, айналаны да өзгерте алатынын ұқтым. Ол мені еркін сөйлеуге, тапқырлыққа, адамдармен тіл табысуға үйретті. КТА арқылы жұмысқа орналасып, шығармашылық ортаға етене араластым. Кейін сол тәжірибем өмір жолымды да айқындады – сценарий жаздым, той жүргіздім, қыскаметражды фильмдер мен вайндарға түстім.

Қазір сол көп қырлы еңбектің бәрін бір арнаға тоғыстырсам, өзімді «әмбебап аке» дер едім. Өйткені менің өмірім әзіл мен жауапкершіліктің, шабыт пен тіршіліктің тоғысы іспетті.

– Енді қазір екеуіңізді де жұрт блогер ретінде жаксы таниды. Айтыңыздаршы, блогерлікке келуге не түрткі болды?

Бағлан: – Шынын айтсам, блогер боламын деген мақсат ешқашан болмаған. Бар болғаны өмірдің қызық сәттерін видеоға түсіріп, достармен бөлісуді жақсы көретімін. Бір жолы Шымкентте демалып жүргенде таудың үстінде «Жоғарыда отырған ағаларымыз неге төмен қарайды?» деп әзілі аралас видео түсіріп, «Instagram» мен «TikTok»-қа сала салдым. Сол ролик күтпеген жерден миллиондаған қаралым жинап, көптің көңілінен шықты. Сол күннен бастап менің бейнелерімді жұрт жиі бөлісіп, оқырмандар саны көбейе бастады. Әзіл мен шындықты ұштастырған контенттің бағаланғанына қуандым.

Қуаныш: – Бағлан екеуіміздің блогерлікке келу үшін ешқандай жоспар құрған жоқпыз, арнайы стратегия жасаған жоқпыз. Әзілге жақын болған соң, өмірде болып жатқан қызық сәттерді видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеп жүрдік. Көп ұзамай халық сол бейнелерге күліп, пікір қалдырып, бөлісіп, жазылушылар саны арта бастады.

– Қазір паракшаларыңызда бірнеше мың оқырман бар. Бұл аудиторияны жинауға қанша уақыт кетті?

Бағлан: – Қазір 37 мыңнан астам оқырманымыз бар. Бұл – ұзақ уақыттың еңбегі. Оқырманды бір күнде жинай алмайсың. Ең бастысы – шынайылық. Біз түсіретін бейнелер өмірдің өзінен алынады, жасандылық жоқ. Көрермен соны сезеді.

Қуаныш: – Шынын айтсам, блогер бір мектепте оқыдық, бір университетті тәмамладық, тіпті КТА-да бір командала ойнадық. Кейін Астанада бірге түсірген видеоымыз таралып, содан бастап жұрт бізді дуэт ретінде қабылдай бастады. Сол сәттен бастап жұмысымыз жүйеленіп, аудиториямыз тұрақты қалыптасты.

БАҒЛАН ҚАЛИЕВ, ҚУАНЫШ ОСПАНОВ:

БАСТЫ МАҚСАТ –

КӨРЕРМЕНГЕ КӨҢІЛ-КҮЙ СЫЙЛАУ

Қуаныш: – Жазылушы жинау біз үшін мақсат емес еді. Уақыт өте келе еңбектің өтеуі өзінен өзі келді. Ең бастысы біздің контентте жалған пафос жоқ. Барлығы өмірдің өзінен, күлкі мен шындықтың арасынан туған бейнелер.

– Осыдан 2-3 жыл бұрын түрлі ұтыс ойын, гив, жарнамалық науқандар хит болды. Сіздер ондай дүниелерге қатысып көрдіңіздер ме? Осыған қатысты көзқарастарыңыз туралы айтып өтсеңіздер.

Бағлан: – Иә, ондай науқандардың болғанын білеміз. Бірақ біз гивтерге қатысқан емеспіз. Гив ұйымдастыруға қарсы емеспіз, бірақ мен үшін ең маңыздысы – адал еңбектің нәтижесін көру. Біз көбіне жарнамалық роликтер түсіреміз. Бәрі өз күшіңмен, таза еңбегіңмен табылас, соның ләззаты бөлек.

Қуаныш: – Менің де пікірім ұқсас. Гив арқылы жазылушылар көбейсе де, ондай аудиторияның сапасы төмен болуы мүмкін. Ал бізге сапалы, шынайы көрермен қымбат. Адам сені шын қызығып, өз еркімен жазылса – сол сенің еңбегіңнің жемісі.

– Бағлан мырза, білуімізше, сіздің негізгі мамандығыңыз – мұғалім. Сонымен қатар облыстық білім басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығының әдіскері болып қызмет атқарасыз. Осынама міндетті қатар алып жүру қиын емес пе? Қалай үлгересіз?

Бағлан: – Қай кезде де қоғамның айнасы болып мұғалім саналары анық. Бұл мамандық менің өмірлік ұстанымымды қалыптастырды. Ұстаз адам жан-жақты болуы тиіс. Балаға білім беру үшін өзің де өмірден сабақ алуың керек.

Менің КТА-да жүргенім, кейінгі шығармашылық ізденістерім – барлығы осы мамандықпен үйлесіп келеді. Бұған дейін оқушылар сарайында үйірме жетекшісі, мектепте тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, жастар орталығында бөлім басшысы болып жұмыс істедім. Қазір облыстық білім басқармасында спорт бөлімінің әдіскерімін.

Ал әлеуметтік желідегі белсенділігім – бір жағынан демалыс, бір жағынан шабыт. Жұмыстан тыс уақытта, түскі үзілісте немесе демалыс күндері видео түсіремін. Қазір заман жалқаулықты көтермейді. Қозғалыс бар жерде өмір бар.

– Қуаныш Әнуарбекұлы, қызылордалық блогерлердің өзара байланысы туралы айтып беріңізші. Бір-біріңізбен жиі араласасыздар ма?

Қуаныш: – Қызылордала талантты жастар көп. Әрқайсысы өз бағытымен дамып жатыр. Біз бір-бірімізді жақсы танымыз, кездескен жерде емен-жарқын сөйлесеміз. Бірақ арнайы жиналып, тұрақты түрде бас қосамыз деп айту қиын. Әркімнің өз жұмысы, өз

аудиториясы бар. Дегенмен ортақ мақсат – өңірдің абыройын көтеру.

–Алдағы жоспарларыңызбен бөліссеніздер...

Бағлан: – Қуаныш екеуіміз жаңа бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Қазір «Boss пен Дос» атты инста-сериал түсіруді жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ «YouTube» арнасына арналған жоба дайындаудамыз. Әзілмен қатар, ой салатын мазмұн берсек дейміз. Бұдан бөлек, қазір дуэт ретінде ән айтуға да бет бұрдық. Басты мақсат – көрермен жақсы көретін һәм қабылдай алатын сапалы контент жасай білу.

Қуаныш: – Иә, «Boss пен Дос» сериалының жұмысына кіріскелі жүрміз. Қазір адамдар ұзақ видеоны көруге шыдамайды, сондықтан қысқа, бірақ мәні бар дүниелер жасағымыз келеді. Әр ролик көрерменге бір ой тастап, күлкімен қатар жылылық сыйласа – біздің жетістігіміз сол.


– Әңгімелеріңізге рақмет!

Нұршат НЫШАНОВА



Сыр бойының самалы мен дарияның тынысын сездірген Қызылорда қаласының сол жағалауында ел спорты тарихындағы елеулі оқиға – жаңа стадионның ашылу салтанаты өтті. Мыңдаған жанкүйердің қуанышы мен шаттық үні араласқан бұл күні жаңа стадионның ашылу рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. 11 мың көрерменге арналған заманауи спорт кешені тек бір нысанның ашылуы емес, тұтас өңірдің спорт мәдениетін жаңа белеске көтерген айшықты сәт болды.

СЫР СПОРТЫНДАҒЫ ТЫҢ СЕРПІН



Көрерменге есігі ашылған күні стадионда футболдан ел Кубогының финалдық матчы өткізіліп, алаң төрінде жасыл шөптің иісі мен жеңіс рухы қатар сезілді. Шараға еліміздің Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Қазақстан футбол федерациясының президенті Марат Омаров, сондай-ақ қоғам қайраткерлері мен Сыр елінің жанкүйерлері қатысты. Аймақ басшысы

Нұрлыбек Нәлібаев жиналған қауымды жаңа спорт нысанының ашылуымен құттықтап, бұл жобаның аймақ жастары үшін үлкен серпіліс болатынын ерекше атап өтті.

– Бұл күн – Қазақстанның спорт тарихындағы айтулы күн. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының аймақтарда спорт инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында жаңа стадион бой көтерді. Жаңа стадионымыздың ашылуы футболдан Қазақстан кубогының финалдық ойынымен алғаш рет Қызылорда қаласында өтуде. Бұл – сырбойылықтар үшін үлкен мәртебе, зор мақтаныш! Баршаңызды жаңа стадионның ашылуымен құттықтаймын! Қаламызда жаңа нысанның салынуына ерекше қолдау білдірген Мемлекет басшымызға, Үкіметке барша Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды білдіреміз. Финалдық ойынды өткізуге бастамашы болған Қазақстан футбол федерациясына зор ризашылығымызды жеткіземіз. Бүгінгі ойынға жолдама алған командаларға сәттілік тілеймін! Қазақстан футболының даңқы арта берсін, – деді облыс әкімі.

Жалпы аумағы 20 мың шаршы метрді қамтитын бұл алып кешен халықаралық стандарттарға толық сай салынған. Оның сәулеті мен құрылыс сапасы заманауи талаптарға жауап береді. Стадион тек футбол ойындарына арналмаған. Мұнда олимпиада деңгейіндегі бокс, күрес, фитнес, спорттық гимнастика және ауыр атлетика залдары бар. Әрбір зал спортшының ең жоғары нәтижеге жетуіне бағытталған, ал инфрақұрылымның ыңғайлылығы – көпфункционалы кешеннің басты артықшылығы.

Гимараттың бірінші қабатында кең спорт залдары, футболшылардың дайындық және қалпына келу бөлмелері

орналасқан. Мұнда спортшыларға арналған сауықтыру орталықтары мен массаж бөлмелері де қарастырылған. Ал екінші қабатта әкімшілік қызметкерлер мен ұйымдастырушылардың кеңселері жайғасқан. үшінші қабаттағы заманауи мәжіліс залы – ірі жиындар мен пресс-конференциялар өткізуге қолайлы орын.

Нысан мүмкіндігі шектеулі спортшылар үшін де толықтай бейімделгенін айрықша атап өткен жөн. Арнайы жолдар мен жабдықтар олардың жаттығуына қолайлы жағдай жасайды.

Стадионның басты мақтанышы – оның халықаралық деңгейге сай жасыл алаңы. УЕФА-ның 4-санатына сәйкестендірілген алаң жасанды жабандымен қапталған және ең жаңа жарықтандыру жүйесімен қамтамасыз етілген. Мұндай мүмкіндік тек ел ішіндегі емес, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында жаңа стадион бой көтерді. Жаңа стадионымыздың ашылуы футболдан Қазақстан кубогының финалдық ойынымен алғаш рет Қызылорда қаласында өтуде. Бұл – сырбойылықтар үшін үлкен мәртебе, зор мақтаныш! Баршаңызды жаңа стадионның ашылуымен құттықтаймын! Қаламызда жаңа нысанның салынуына ерекше қолдау білдірген Мемлекет басшымызға, Үкіметке барша Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды білдіреміз. Финалдық ойынды өткізуге бастамашы болған Қазақстан футбол федерациясына зор ризашылығымызды жеткіземіз. Бүгінгі ойынға жолдама алған командаларға сәттілік тілеймін! Қазақстан футболының даңқы арта берсін, – деді облыс әкімі.

Жалпы аумағы 20 мың шаршы метрді қамтитын бұл алып кешен халықаралық стандарттарға толық сай салынған. Оның сәулеті мен құрылыс сапасы заманауи талаптарға жауап береді. Стадион тек футбол ойындарына арналмаған. Мұнда олимпиада деңгейіндегі бокс, күрес, фитнес, спорттық гимнастика және ауыр атлетика залдары бар. Әрбір зал спортшының ең жоғары нәтижеге жетуіне бағытталған, ал инфрақұрылымның ыңғайлылығы – көпфункционалы кешеннің басты артықшылығы.

Гимараттың бірінші қабатында кең спорт залдары, футболшылардың дайындық және қалпына келу бөлмелері

орналасқан. Мұнда спортшыларға арналған сауықтыру орталықтары мен массаж бөлмелері де қарастырылған. Ал екінші қабатта әкімшілік қызметкерлер мен ұйымдастырушылардың кеңселері жайғасқан. үшінші қабаттағы заманауи мәжіліс залы – ірі жиындар мен пресс-конференциялар өткізуге қолайлы орын.

Нысан мүмкіндігі шектеулі спортшылар үшін де толықтай бейімделгенін айрықша атап өткен жөн. Арнайы жолдар мен жабдықтар олардың жаттығуына қолайлы жағдай жасайды.

Стадионның басты мақтанышы – оның халықаралық деңгейге сай жасыл алаңы. УЕФА-ның 4-санатына сәйкестендірілген алаң жасанды жабандымен қапталған және ең жаңа жарықтандыру жүйесімен қамтамасыз етілген. Мұндай мүмкіндік тек ел ішіндегі емес, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында жаңа стадион бой көтерді. Жаңа стадионымыздың ашылуы футболдан Қазақстан кубогының финалдық ойынымен алғаш рет Қызылорда қаласында өтуде. Бұл – сырбойылықтар үшін үлкен мәртебе, зор мақтаныш! Баршаңызды жаңа стадионның ашылуымен құттықтаймын! Қаламызда жаңа нысанның салынуына ерекше қолдау білдірген Мемлекет басшымызға, Үкіметке барша Сыр жұртшылығы атынан шынайы алғысымызды білдіреміз. Финалдық ойынды өткізуге бастамашы болған Қазақстан футбол федерациясына зор ризашылығымызды жеткіземіз. Бүгінгі ойынға жолдама алған командаларға сәттілік тілеймін! Қазақстан футболының даңқы арта берсін, – деді облыс әкімі.

Жалпы аумағы 20 мың шаршы метрді қамтитын бұл алып кешен халықаралық стандарттарға толық сай салынған. Оның сәулеті мен құрылыс сапасы заманауи талаптарға жауап береді. Стадион тек футбол ойындарына арналмаған. Мұнда олимпиада деңгейіндегі бокс, күрес, фитнес, спорттық гимнастика және ауыр атлетика залдары бар. Әрбір зал спортшының ең жоғары нәтижеге жетуіне бағытталған, ал инфрақұрылымның ыңғайлылығы – көпфункционалы кешеннің басты артықшылығы.

Гимараттың бірінші қабатында кең спорт залдары, футболшылардың дайындық және қалпына келу бөлмелері



Қорлан САРЫ

ТОЗҒАН ТАБАҢҒА ЖАҢА ТЫНЫС

Аяқ киім – адамның күнделікті тіршілігінің бір бөлшегі ғана емес, оның талғамын, әлеуметтік жағдайын білдіретін маңызды бұйым. Біз кейде «Дұшпан аяққа қарайды» дегенді естен шығарамыз. Уақыт өте келе кез келген аяқ киім тосады, тігілен жиптері сегілсе, табаны тесіліп, киюге жарамсыз болып қалады. Дегенмен дәл осы сәтте көмекке келетін, бірақ көпшіліктің назарынан тыс қалып жүрген мамандық иелері бар. Олар – аяқ киім жөндеушілері.



Қаланың кез келген бұрышынан көзге түсетін шағын шеберханаларда аяқ киімге жаңа өмір сыйлайтын шеберлер отырады. Олар – нағыз колөнершілер. Тозған аяқ киімді қайта тігіп, жаңа табан қондырып, кейде тіпті бастапқы қалпынан да көріктірек етіп қайта жасайды. Әрбір аяқ киімнің материалын, құрылымын, қанша жыл кигенін бірден аңғарып, оған қандай жөндеу керек екенін дәл таба білу – екінші бірінің қолынан келе бермейтін іс. Қазір көп адам ескі аяқ киімді тастап, жанасын алуды жөн көреді. Бірақ кейінгі уақытта тұрақты тұтынушылар мен экологиялық мәселеге мән беретіндер арасында жөндеу мәдениеті қайта оралуда. Бұл аяқ киім жөндеушілерінің еңбегіне деген сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді. Күн сайын мыңдаған адам қала көшелерінде түрлі аяқ киім киіп жүр. Біреулер сән қуып, соңғы үлгідегі етікті таңдайды, енді бірі ыңғайына қарап, жайлы әрі сапалы аяқ киімді жөн көреді.

Әрбір шеберхана – шағын музей. Ескі балғалар, теріден қалған қалдықтар, түрлі желімдер мен инелер... Олардың иісі балалық шақтағы ағамыздың шеберханасын еске түсіретіндей... Шеберлік – шыдам мен сезімнің қосындысы. Жөндеуден кейін аяқ киімді иесіне табыстағанда оның жүзіндегі риясыз күлкі – шебер үшін ең үлкен марапат. Бүгінде аяқ киімді жөндеп, оған екінші өмір сыйлап жүрген жандардың бірі – Алекс. Ол бала күнінде дәрігер болуды армандаған.

– Уақыт өте келе тағдыр жолы мені осы кәсіппен айналысуға әкелді. Әкем аяқ киім үлгісін

дайындайтын. Мен әкемнің шәкірті болдым. Бұл кәсіпте 40 жылдан бері еңбек етемін. Осы уақыт аралығында жұмысымның қыр-сырын жетік меңгердім. Аяқ киім жөндеуші болу – тек етік жамау емес, халыққа қызмет ету, олардың күнделікті өмірін жеңілдету, – дейді ұста.

Жұмысты мезгіл талғамай жасайтын шеберден тұтынушылардың қай кезеңде көп келетінін және қазіргі аяқ киім сапасы туралы сұрап білдік.

– Халық аяқ киім жөндеуге қыс мезгілінде жиі келеді. Ауа райының қолайсыздығына байланысты жандыр мен қар араласып, етіктердің табаны не болмаса сыдырмасы бұзылады. Қазіргі аяқ киім сапасына көңілім толмайды. Бұрын әлдеқайда жақсы, табиғи сапалы материалдан өндірілетін еді. Біреуге сапар алдында жөндеп беремін, енді біреуінің жұмысқа киетін жалғыз аяқ киімі болады. Қанша жанасын сатып алса да, көпшілік сүйікті аяқ киімнен айырылғысы келмейді. Тіпті шет елден келген аяқ киімді жөндеуге әкелетіндер бар. Қазір адамдар арзанын алып, тозғанын тастай салады. Жөндеуге келетіндер азайды. Бірақ тұрақты келушілерім бар, олардың сеніммен жұмысымды жалғастырып келемін, – деді ол.

Бүгінде бұл мамандық елеусіз, бағаланбай қалып бара жатқанымен, олардың еңбегі мыңдаған адамның қажетіне жарары анық.

Назерке БАҚЫТБЕК,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті